

Қожа Ахмет Иассауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университеті туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 9 сәуір 1993 ж. N 137-ө

Түрік Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы 1992 жылғы 9 қарашадағы Келісімге сәйкес Қожа Ахмет Иассауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университеті ғимараттары кешенінің құрылысы сметалық құнының бірдей үлесімен тараптардың өзара тең болуы негізінде жүзеге асырылады. Осы аталған келісімді сөзсіз орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 1 наурыздағы тапсырмасын орындау үшін:

1. Қожа Ахмет Иассауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университетінің Кешенді даму бағдарламасы және университет ғимараттары құрылысының техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу жөніндегі тапсырма бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Инвестициялық қордың есебінен Білім министрлігіне 1993 жылы жобалық сметалық құжаттамалар әзірлеуге қажетті қаржы бөлуді көздейтін болсын. Алдағы уақытта университет құрылысына жұмсалатын күрделі қаржы тиісті жылға мемлекеттің мұқтаждары үшін бөлінетін күрделі қаржы көлемін қалыптастыру кезінде қаржыландырудың республикалық орталықтандырылған көздерінің есебінен қарастырылатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Қазақстан Республикасының Сәулетшілер одағының "НАР" шығармашылық-өндірістік шеберханасымен бірлесіп, жобалық-сметалық құжаттамалардың Келісімде белгіленген мерзімде әзірленуін қамтамасыз етсін. Университет ғимараттары кешенінің құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздеме бекітуге 1993 жылғы 15 мамырға дейін ұсынылсын.

4. Құрылыстың басталуын жеделдету үшін жобалау ұйымына техникалық-экономикалық негіздеме бекітілгенге дейін сыртқы инженерлік желілердің жұмыс жобаларын әзірлеуге рұқсат етілсін.

Премьер-министр